

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика
министрлігі
(ҚР Президентінің 06.08.2014 ж. N 875
Жарлығымен құрылды)

Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрінің 2017
жылғы 31 қаңтардағы № 31
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2017 жылғы 24
ақпанда № 14828 болып тіркелді

Министерство национальной экономики
Республики Казахстан

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту қағидаларын бекіту туралы

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту және «Үкіметтік бағдарламалардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1136 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына осы бұйрықтың көшірмелерін баспа және электронды түрде жіберуді;



3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі **Т. Сүлейменов**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мырзахметов
2017 жылғы 3 ақпандағы

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

_____ Т. Дүйсенова
2017 жылғы 1 ақпандағы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 31
қаңтардағы
№ 31 бұйрығымен
бекітілген

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) екінші бағыты шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ӨКП) – жергілікті деңгейде қаржылай емес қолдау операторы;

2) «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының филиалы (бұдан әрі – ӨКП филиалы) – аудандық деңгейде қаржылай емес қолдау операторы;

3) Бағдарлама операторлары – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

4) бизнес-жоспар – қаржы-экономикалық үлгіні, бизнес-операцияларды жүзеге асыру бағдарламасын, фирма, тауар, оның өндірісі, өткізу нарығы, маркетинг, операцияларды ұйымдастыру, шығындар және олардың тиімділігі туралы мәліметтер көрсетілген бизнес-жоба бойынша кәсіпкердің іс-қимылдарын қамтитын құжат;

5) бизнес-тренер – бизнес-менторлық (коучинг) қағидат бойынша жобаға қатысушылардың бизнес-жобаларын дамытуға, сондай-ақ сүйемелдеуге қажетті кәсіби құзырет пен дағдыларға ие жеке тұлға;

6) жоба үйлестірушісі – функциясына кәсіпкерлік негіздері бойынша сабақтар ұйымдастыру, практикалық оқыту тиімділігін талдау, «кері байланыс» ұйымдастыру, сондай-ақ білім алушыларға бизнес-жоспар дайындау кезінде жәрдемдесу кіретін жеке тұлға;

7) жұмыссыздар – жұмыспен қамтылған халыққа жатпайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге дайын адамдар;

8) ісін жаңа бастаған кәсіпкер – дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген мерзімі микроқаржы ұйымына/кредиттік серіктестіктерге микрокредит үшін өтініш берген уақытта кемінде үш жылды құрайтын кәсіпкер;

9) кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін басқару функциясын іске асыратын жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшесі;

10) кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – кәсіпкерлік саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

11) қаржылай емес қолдау операторы – «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

12) микрокредит беру ұйымы – «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы;

13) микрокредит – микроқаржы ұйымдары/екінші деңгейдегі банктер /кредиттік серіктестіктер/«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық және қамтамасыз етілу шарттарында Микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушыға ұсынатын қарыз қаражаты;

14) микроқаржы ұйымы – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтумен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында рұқсат етілген қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға;

15) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – кіріс алу үшін тауарлар өндірумен (өткізумен), жұмыстар мен қызметтер көрсетумен жеке айналысатындар, өндірістік кооперативтер мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың

(шаруашылықтардың) және жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланушы жұмыс берушілердің еңбекақы төленбейтін жұмыскерлері қатарындағы жеке тұлғалар;

16) ӨКП филиалының жанындағы жұмыс тобы – бизнес-тренердің, жоба үйлестірушісінің, сондай-ақ ӨКП филиалы мен жұмыспен қамту және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің қатысуымен құрылған уақытша жұмыс органы;

17) субсидиялау жөніндегі оператор – «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамы;

18) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – халықты жұмыспен қамту саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

19) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – өңірлік еңбек нарығындағы ахуалға сүйене отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бағыттарын айқындайтын ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;

20) халықты жұмыспен қамту орталығы – ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында құратын мемлекеттік мекеме;

3. «Бастау Бизнес» жобасы (бұдан әрі – жоба) Бағдарламаға қатысушыларды кәсіпкерлік дағдыларына, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін қалыптастыру қағидаттары бойынша оқытуға бағытталған.

4. Халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан, ауылдық елді мекендерде, аудан орталықтарында (моноқалалар болып табылмайтын) және шағын қалаларда тұратын жұмыссыздар мен кәсіпкерлік әлеуеті бар өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жоба бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға қатысушылар болып табылады.

5. 2017 жылы 80 ауданнан, ал 2018 жылдан бастап барлық аудандардан жеке тұлғалар, жұмыс істейтін және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға қатысушылар болып табылады.

6. 2017 жылы кәсіпкерлік негіздеріне оқыту өтетін аудандарды іріктеу жөніндегі ұсыныстарды қаржылай емес қолдау операторымен келісу бойынша жергілікті атқарушы органдар айқындайтын болады. Аудандарды айқындау кезінде жергілікті атқарушы органдар өңірлер арасында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыз халықтың ең көп санын ескереді.

7. Жобаға қатысу үшін міндетті шарт кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынтасын анықтау үшін тестілеу кезеңінен өту болып табылады.

8. Оқыту жобаға қатысушылар үшін тегін болып табылады.

Осы Қағидалардың 4-тармағының талаптарына жауап беретін жеке тұлға жобаға екі жыл ішінде ең көбі 1 (бір) рет қатыса алады.

2-тарау. Ұйымдастыру кезеңін іске асыру тәртібі (жобаны бастауға дайындық)

9. Қаржылай емес қолдау операторы ақпараттандыру, тестілеу, оқыту және бизнес-жобаларды сүйемелдеу кезеңдерін іске асыруды қоса алғанда, жоба бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды өткізу үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасайды.

10. Қаржылай емес қолдау операторы іске асыратын кәсіпкерлік негіздеріне оқыту бойынша жобаны ұйымдастыру кезеңі мыналарды:

- 1) халықты ақпараттандыруды;
- 2) тестілеу ұйымдастыру арқылы қатысушыларды кейіннен іріктеуді;
- 3) оқыту процесін іске қосуға байланысты басқа да ұйымдастырушылық мәселелерді шешуді қамтиды.

11. Жобаның ұйымдастырушылық кезеңін ӨКП филиалының жанындағы жұмыс тобы іске асырады. Жұмыс тобының құрамын жергілікті атқарушы органмен келісу бойынша ӨКП филиалы бекітеді.

12. Тестілеу кезеңін бастау туралы хабарландыруды қаржылай емес қолдау операторы қазақ және орыс тілдерінде тиісті ауданның аумағында таралатын

жергілікті баспа және өңірлік электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында және қаржылай емес қолдау операторының интернет-ресурсында тестілеу басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды. Хабарландыруда тестілеуді өткізу күні, уақыты және орны көрсетіледі.

3-тарау. Жобаға қатысушыларды іріктеу тәртібі (тестілеу)

13. Оқуға үміткерлер жоба бойынша оқыту мәселелері жөнінде консультация алу үшін ӨКП филиалдарына/халықты жұмыспен қамту орталықтарына/ауылдық округтің немесе елді мекеннің әкіміне қатысуға өтінішпен жүгінеді және мынадай құжаттарды: жеке басты куәландыратын құжат көшірмесін, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 332 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасын, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш пен Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнаманы ұсынады.

ӨКП-ның филиалы/ауылдық округтің немесе елді мекеннің әкімі үміткерлердің құжаттары мен өтініштерін халықты жұмыспен қамту орталықтарына береді.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары үміткерлердің тізімін жобаның нысаналы тобына сәйкес келуі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады және үміткерлердің тізімін ӨКП филиалына береді.

14. Қаржылай емес қолдау операторы жыл сайын ақпанның 10-күніне дейінгі мерзімде кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша оқу және тестілеу өткізу күні мен орнын, оның кезеңі мен өтінімдер беру мерзімдерін көрсете отырып, тоқсан сайын түзету енгізу мүмкіндігімен оқытуды өткізу кестесін жасайды.

Оқыту өткізу кестесі бұқаралық ақпарат құралдарында және қаржылай емес қолдау операторының интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

Қаржылай емес қолдау операторы кәсіпкерлікпен айналысуға ынтаны анықтау үшін тестілеудің техникалық сүйемелденуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ тестілеуден өту рәсімі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

15. ӨКП филиалының жанындағы жұмыс тобы тестілеу нәтижелерін қарап, тиісті шешім шығарады.

16. Оқытуға жіберу үшін шекті мән өткізу өңіріне қарай түзету мүмкіндігімен 100 балдық жүйе бойынша 55 балл мөлшерінде айқындалады. Шекті мәнді өзгерту туралы шешімді ӨКП филиалының жанындағы жұмыс тобының ұсынымы бойынша қаржылай емес қолдау операторы бекітеді.

17. Тестілеуге қатысушы апелляцияға берген жағдайда ӨКП жанындағы облыстық комиссия 3 (үш) жұмыс күні ішінде тестілеудің қорытындыларын түсіндіруді жүзеге асырады.

18. Қаржылай емес қолдау операторы қатысушыларды Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу қорытындылары бар комиссияның хаттамасын тестілеу өткізу жерінде орналастыру, оның ішінде электрондық пошта және/немесе телефон шалу және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлама жариялау арқылы, сондай-ақ қаржылай емес қолдау операторының ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы тестілеу аяқталғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде таныстырады.

19. Шекті мәнді жинай алмаған тестілеуге қатысушыларға Бағдарламаға сәйкес басқа оқыту бағдарламалары ұсынылады.

20. Тестілеуге қатысушы тестілеу нәтижелерін шекті мәннен төмен алған кезде тестілеуге қайта қатыса алады. Бұл ретте жобаның әлеуетті қатысушысы күнтізбелік бір жыл ішінде ең көбі 2 (екі) рет тестілеуге қатыса алады.

21. Тестілеу қорытындылары шығарылғаннан кейін ӨКП аудандық филиалы 3 (үш) жұмыс күні ішінде қатысушылар қатарынан топ құрады және практикалық оқыту кезеңін бастайды. Топ құрамын ӨКП аудандық филиалы бекітеді.

Топтағы қатысушылардың саны кемінде 15 (он бес) және ең көбі 70 (жетпіс) адамды құрайды.

Тестілеу кезеңінен өткен оқуға қатысушылармен кәсіпкерлік негіздеріне оқыту қызметтерін көрсетуге арналған шарт жасалады.

4-тарау. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту кезеңін ұйымдастыру

22. Қаржылай емес қолдау операторы/ӨКП филиалы тестілеу қорытындысы жарияланғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде практикалық оқытуды бастауды жүзеге асырады.

23. Қаржылай емес қолдау операторы оқыту кезеңінің басталуына қарай топты бизнес-тренермен және жоба үйлестірушісімен қамтамасыз етеді.

24. Қаржылай емес қолдау операторы/ӨКП аудандық филиалы жоба бойынша оқытуды жүргізуді қамтамасыз етеді: өткізу орнын, топтық практикалық оқыту өткізу үшін қажетті техникалық жабдықтарды (оның ішінде интернет желісіне қолжетімділік), көрнекі материалдарды айқындайды.

25. Топтық практикалық оқытудың жалпы ұзақтығы 80 (сексен) сағат, күнделікті жүктеме кезінде жұмыс күндері кемінде 4 (төрт) сағат. Оқытуды бизнес-тренер қаржылай емес қолдау операторы бекіткен және Бағдарламаның операторымен келісілген оқу жоспарына сәйкес заманауи оқыту әдістемелерін пайдалана отырып, интерактивті нысанда жүргізеді.

26. Оқыту процесінде жобаға қатысушыларға кәсіпкерлік қызметті жүргізу негіздері (салық салу режимдері, маркетинг негіздері), тиісті өңірде сұранысқа ие бизнес-жобалар, кооперативтер құру жөніндегі ақпараттық-әдістемелік материалдар, қаржыландыру алуға арналған құжаттар үлгілері, маркетингтік зерттеулер нәтижелері, стартаптарды іске қосудың халықаралық тәжірибесі бойынша ақпараттар ұсынылады.

27. Оқыту процесін қамтамасыз ету шеңберінде жоба үйлестірушісі:

1) оқуға қатысушыларға телефон шалуды және сабақтардың бейнежазбасын жүзеге асыруды ұйымдастыру жолымен сапаны мониторингілеуді;

2) оқуға қатысушылардың сабақтарға қатысуын есепке алуды;

3) жеке консультациялар кестесін жасауды;

4) оқуға қатысушыларды қажетті ақпараттық-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесуді жүзеге асырады.

28. Жобаға қатысу кезеңінде қатысушы кәсіпкерлік негіздеріне оқыту қызметтерін көрсетуге арналған шартқа сай өзіне міндеттемелер алады.

29. ӨКП филиалының жанындағы жұмыс тобы жобаға қатысушылар дәлелді себептерсіз қатарынан үш оқу күнінен артық сабақтарды босатқан және оқытатын ұйымның ішкі тәртібін бұзған жағдайда халықты жұмыспен қамту орталығымен келісу бойынша оларды оқудан шығарады.

30. Оқыту кезеңі бизнес-тренер жүзеге асыратын дербес практикалық консультация беруді, оның ішінде жобаға қатысушының бизнес-объектісіне шыға отырып, консультация беруді қамтиды.

31. Дербес оқыту бизнес-жоспар әзірлеу және/немесе бизнес-жобаны дамыту бойынша консультация беруді қамтиды. Дербес практикалық консультация беру сессияларының саны әрбір оқуға қатысушының қажеттілігіне байланысты. Бұл ретте, консультация берудің жалпы ұзақтығы бір топқа 120 (жүз жиырма) сағаттан аспайды.

32. Оқыту кезеңі ӨКП жанындағы облыстық комиссия алдында бизнес-жобаны одан әрі қорғау (таныстыру), сондай-ақ тиісті қаржы институтында жобаны қорғау мақсатында көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдылары бойынша тренингті қамтиды.

33. Практикалық оқыту басталған кезден бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей ӨКП аудандық филиалы жанындағы комиссия жоба үйлестірушісінен алынған есеп негізінде бизнес-жобаларды ӨКП жанындағы облыстық комиссияның алдында қорғауға жіберу және жобаға қатысушыларға тиісті сертификаттар беру туралы шешім қабылдайды. Шешім Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

34. Бизнес-жоспарды әзірлеген/дамытқан және оны ӨКП жанындағы облыстық комиссияның алдында қорғаған оқуға қатысушылар оқуды аяқтағаны туралы сертификат алады; құзырет деңгейін арттырған, бірақ оқуды аяқтаған кезінде әзірленген бизнес-жоспары жоқ оқуға қатысушылар жобаға қатысқаны туралы сертификат алады.

35. Бизнес-жобаны қорғамаған оқуға қатысушы ӨКП жанындағы облыстық комиссия алдында бизнес жобаны қорғауға қайта қатыса алады, бірақ бір реттен аспауы тиіс.

36. Қаржылай емес қолдау операторы/ӨКП аудандық филиалы оқыту қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ӨКП жанындағы облыстық комиссияның отырысы шеңберінде бизнес-жобаларды қорғауды (таныстыруды) ұйымдастыруды жүзеге асырады.

37. ӨКП жанындағы облыстық комиссия отырысының таныстырылған бизнес-жобалар бойынша түпкілікті шешімі бизнес-жобалар қорғалған кезден

бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттама түрінде ресімделеді.

38. ӨКП облыстық комиссия отырысының нәтижелері бойынша оқуға қатысушыға ӨКП директорының/ӨКП жанындағы облыстық комиссия төрағасының қолы қойылған тиісті сертификат, хаттамадан үзінді көшірме, сондай-ақ қаржы институттарының алдында өтінішхат ұсынады, мұнда оқытудан өткені және ӨКП жанындағы облыстық комиссияның таныстырылған бизнес-жобаны мақұлдағаны расталады.

5-тарау. Бизнес-жобаларды сүйемелдеу тәртібі

39. Практикалық оқыту кезеңі аяқталғаннан және/немесе қаржыландыру туралы шешім алғаннан кейін қаржылай емес қолдау операторы/ӨКП филиалы іске асырылған бизнес-жобалар іске қосылған кезден бастап 12 (он екі) ай ішінде оларды сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

40. Бизнес-жобаларды сүйемелдеу кезеңі шеңберінде жобаға қатысушылар ӨКП филиалына жүгінген кезде бизнесті қалыптастырудың және дамытудың операциялық және стратегиялық мәселелеріне қатысты ауызша және жазбаша сұрау салуларға жауап алады, оның ішінде маркетинг, өткізу, салықтық реттеу және басқа мәселелер бойынша консультация алады.

41. Бизнес-жобаларды сүйемелдеуді ӨКП филиалының қызметкерлері бизнес-тренерлерді тарта отырып (қажеттілігіне қарай) жүзеге асырады.

42. Бизнес-тренердің жобаға қатысушыға шығуымен байланысты қосымша қаржылай шығыстарды жобаға қатысушы (келісім бойынша) көтереді.

6-тарау. Мониторинг

43. Мониторинг Бағдарламаның іске асырылуының ағымдағы жай-күйі туралы ақпаратты үнемі алу мақсатында жүзеге асырылады.

44. Жоба пайдаланушысының портретін сипаттауға, экономикалық немесе басқарушылық аспектілерде оқыту нәтижелілігінің, сондай-ақ ақпараттық-талдамалық материалдар ұсыну жылдамдығы мен сапасын айқындайтын Бағдарламаның ішкі факторларының жақсаруына/нашарлауына баға беруге қабілетті кешенді талдамалық есеп мониторинг қорытындысы болып табылады.

45. Бір айдағы статистикалық көрсеткіштерді, сапа және нәтижелілік аудитін талдау нәтижелерін пайдалана отырып, жоба тиімділігінің кешенді талдамалық есебін дайындауды қаржылай емес қолдау операторы жүзеге асырады.

46. Жобаның іске асырылу сапасы мен нәтижелілігінің аудитін қаржылай емес қолдау операторы телефонмен және тікелей пікіртерім жүргізу, сондай-ақ оқыту өткізу орнына шығу арқылы жүргізеді. Пікіртерім жүргізу үшін қаржылай емес қолдау операторы көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасына тікелей мониторингті жүзеге асыратын білікті мамандарды айқындайды. Тікелей пікіртерімдер білім алушылар толтыратын сауалнама негізінде жүргізіледі.

47. Қаржылай емес қолдау операторы/ӨКП филиалы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 2 (екісі) күніне қарай кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға жоба пайдаланушысының портретін сипаттауға қабілетті және оқуға жіберілген адамдар (оның ішінде жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар), оқуды аяқтаған адамдар, өз ісін ашқан адамдар, микрокредит алған адамдар саны туралы міндетті ақпаратты қамтитын кешенді талдамалық есепті ұсынады.

7-тарау. Жобаға қатысушылардың шығындарын өтеу тәртібі

48. Жоба шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту оқушылар үшін тегін болып табылады.

49. Жобаның қаржыландыру Бағдарламаның операторы мен қаржылай емес қолдау операторының арасында тиісті шарт жасау жолымен республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

50. Тестілеуден өткен және оқыту кезеңіне жіберілген, жоба бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өтетін Бағдарламаға қатысушылар стипендия төлеу бойынша мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етіледі.

51. Оқуды аяқтағаны туралы сертификаттар мен оқуға қатысқаны туралы сертификаттар алған Бағдарламаға қатысушыларға 16 759 (он алты мың жеті жүз елу тоғыз) теңге мөлшерінде біржолғы стипендия төленеді.

52. Сертификаттар болған жағдайда төлем Бағдарламаға қатысушының банктік деректемелеріне жүргізіледі.

53. Тестілеу нәтижелері бойынша оқыту кезеңіне жіберілмеген (шекті мәнді жинамаған) Бағдарламаға қатысушыларға стипендия төлеу жүргізілмейді.

54. Бағдарламаға қатысушыларға көтермеақы төленбейді, тұруға арналған шығыстары мен басқа да ілеспе шығыстары өтелмейді.

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік
негіздеріне оқыту қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Халықты жұмыспен қамту орталығының
директорына/Өңірлік кәсіпкерлер палатасы
филиалының директорына/елді мекен, аудан
(облыс) әкіміне
_____ мекенжайында тұратын

Өтініш

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы (екінші бағыт) шеңберінде «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту бойынша тестілеуге қатысушылар тізіміне қосуды сұраймын.

Қосымша ___ парақта (қажеттілігіне қарай):

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; сауалнама; мекенжай анықтамасы.

Көзделіп отырған жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын алу үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

*ұсынылған құжаттардың анықтығына өтініш беруші жауапты.

Күні _____ қолы _____

(кесу сызығы)

Азамат (ша) _____ өтініші

20 ___ ж. « ___ » _____ қабылданып, № _____ тіркелді

Құжаттарды қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы
және қолы: _____

*ұсынылған құжаттардың анықтығына өтініш беруші жауапты.

**«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік
негіздеріне оқыту қағидаларына
2-қосымша**

Нысан

Сауалнама

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	
ЖСН	
Туған күні	
Тұрғылықты жері	
Мәртебесі	жұмыссыз өзін-өзі жұмыспен қамтушы
Бизнес-жоба, бизнес-идея саласы (бар болған жағдайда)	
Бизнес-жоба, бизнес-идея сипаттамасы (бар болған жағдайда)	
Кепілдік қамтамасыз етудің болуы (микрорекредит беру үшін)	
Сабаққа қатысу мүмкіндігін растаймын (80 сағат практикалық сабақ)	
Осымен дайын екенімді растаймын	<ol style="list-style-type: none"> 1) салық заңнамасына сәйкес салық органдарында кәсіпкерлік субъекті ретінде тіркелу (қаржыландыруға арналған өтінімді қарау кезіне дейін) 2) сабақты босатпау 3) қызығушылық таныту 4) сабақтарды босатқан жағдайда қосымша консультация алу 5) маркетингтік зерттеулер мен талқылауларға белсенді қатысу 6) тренингтер мен дербес консультацияларға қатысу 7) бизнес-жоспар дайындау және бизнес-тренердің қолдауымен қаржылық модельді есептеу

Қолы _____ Күні _____

**«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік
 негіздеріне оқыту қағидаларына
 3-қосымша**

Нысан

**Бизнес-жобаларды алдын ала қорғау қорытындысы бойынша хаттама
 _____ облысының _____ ауданы**

ӨКП филиалының жанындағы комиссияның _____ ж. отырысы
 шеңберінде

мынадай бизнес-жобалар қаралды:

№	Жобаның атауы	Жобаның қысқаша сипаттамасы	Қажетті қаржыландыру сомасы
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			
13			
14			
15			

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша мынадай жобаларды алдын
 ала мақұлдау туралы шешім қабылданды:

№	Жобаның атауы	Мақұлдау туралы шешім
1		
2		
3		
4		
5		
6		
7		
8		

9		
10		
11		
12		
13		
14		
15		
16		

Комиссия төрағасының қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Комиссия мүшелерінің қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

**«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік
негіздеріне оқыту қағидаларына
4-қосымша**

Нысан

**Оқыту кезеңінің аяқталу нәтижесі бойынша хаттама _____ облысының
_____ ауданы**

Күні _____

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқыту кезеңінің аяқталу нәтижесі
бойынша мынадай сертификаттар түрін табыстау туралы шешім қабылданды

Оқуды аяқтау туралы сертификаттар

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Негіздеме
1		
2		
3		
4		
5		
6		
7		
8		
9		
10		
11		
12		
13		
14		
15		

Оқытуға қатысу туралы сертификаттар

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Негіздеме
1		
2		
3		
4		
5		
6		
7		

8		
9		
10		
11		
12		
13		
14		
15		

Комиссия төрағасының қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Комиссия мүшелерінің қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ ҚОЛЫ

**«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік
 негіздеріне оқыту қағидаларына
 5-қосымша**

Нысан

**Бизнес-жобаларды алдын ала қорғау қорытындысы бойынша хаттама
 _____ облысының _____ ауданы**

Күні _____

Тестілеу қорытындысы бойынша «Бастау Бизнес» жобасына әлеуетті
 қатысушылар төмендегідей нәтиже көрсетті:

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Нәтижелер (балдық мәнде)	Оқыту кезеңіне жіберу туралы шешім
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			
13			
14			
15			

Комиссия төрағасының қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ қолы

Комиссия мүшелерінің қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)_____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)_____ ҚОЛЫ